Газет 1966 жылдың шілде айынан бастап шығып келеді
# Қарғалы
Общественно - политическая газета Каргалинского района
Қарғалы ауданының қоғамдық - саяси газеті
13 тамыз Сәрсенбі 2025 жыл
33 (5388)
kargali.kz @kargali_gazet facebook.com/kargali.gazet kargali_gazet@mail.ru




# Ұлы ақынның тойы — Алаштың мерейі

***Ағымдағы жылдың 10 тамызында қазақтың ұлы ақыны, философы, сазгері, ағартушысы, халқының жоғын жоқтап, «қырықпен жалғыз алыстым» деп заман шындығын өлеңмен өрген Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толды.***

Абайдың шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына берік негіз қалады. Оның даналыққа толы «Қара сөздері» мен өлеңдері, басқа да мол мұрасы бүгінгі күнге дейін тәрбиелік мәнін жоймай, жастарға жігер, халыққа рух беруде.

Елінің рухани дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген ұлы тұлғаға құрмет көрсету мақсатында еліміздің түкпір-түкпірінде кең көлемде іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр.

Осы орайда біздің ауданымызда да бұл игі бастамаға үн қосып, Бадамша ауылына кіреберістегі көпқабатты тұрғын үйдің қабырғасына Абай бейнесі бейнеленді.

Өткен аптада сол Абай мурaлы бейнеленген көпқабатты тұрғын үйдің алаңында «Абай — мәңгілік мұра» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Бұл іс-шара 1-10 тамыз аралығында, облыстық онкүндік аясында ақын мұрасын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылды.

Шараға аудан әкімі Нұрлыбек Унербаев қатысып, Абайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан өлшеусіз еңбегі жайында сөз қозғап, барша тұрғындарды мерейлі мерекемен құттықтады.

Кеш барысында ақсақалдар жүрек жарды лебізін білдіріп, жастар Абайдың жырларын оқып, әндерін нақышына келтіре орындады.

Сондай-ақ, Абай рухын асқақтатқан өнер мерекесінде аудандық орталық кітапхана ұжымы «Абай мұрасы: ұрпаққа жеткен өнеге» атты кітап панорамасын ұсынды. Оқырман қауым ұлы ақынның шығармашылық қазынасымен қауышып, сирек деректермен танысты.

Айта кететін болсақ, Ұлы ақынның 180 жылдық мерейтойына орай ауданымыз бен ауданға қарасты округтердегі білім беру ұйымдары мен мәдениет үйі, кітапхана, жастар орталығында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

**Қарғалы-АҚПАРАТ**




# Праздник удался на славу!



**В День Абая в Петропавловке организовали настоящие народные гулянья на улице имени великого философа.**



10 августа утвержден Президентом страны Днем Абая в 2022 году. 180 лет исполнилось со дня рождения великого сына казахской степи, поэта, философа, музыканта, просветителя, общественного деятеля, основоположника письменной казахской литературы.

Заведующая клубом села Петропавловка Балапан Сарсебаева рассказала, что запланирован ряд мероприятий, посвященных этой значимой дате.

- Решили именно в этот день не ограничиваться концертной программой в клубе, предложили жителям улицы Абая провести праздник под открытым небом. Все с воодушевлением поддержали инициативу. Так что спасибо им за праздник, отдельная благодарность за активное участие Тимуру и Назгуль Мукушевым!

Как стало известно, и спонсорами выступили сами жители улицы – столы накрыли, напекли все сами, принесли продукты из дома. Конечно же, не остались в стороне и клуб, и сельский акимат, и Петропавловский ФОК. На мероприятие в качестве гостей были приглашены все желающие.

И вот воскресным вечером было перекрыто движение на улице Абая, расставлены столы и накрыт дастархан прямо на проезжей части. Подвезли аппаратуру, установили импровизированную сцену. С приветственной речью выступил аким сельского округа Азамат Рзагулов и заведующая клубом Балапан Сарсебаева. Со сцены звучали произведения Абая Кунанбаева, которые исполнили Антонина Струцкая, Жансая Куандыкова и Нурсая Кужагельдина. Во время чаепития теплые слова прозвучали от старожилов села Аманжола Кушербаева, Сары Кулумбетовой и Жоламана Исангулова. Для детей были организованы веселые спортивные состязания, победителей которых поощрили призами и сладостями. Были и викторина на тему произведений и биографии Абая Кунанбая, и песни под караоке, и танцы на свежем воздухе. Праздник продлился до самого позднего вечера. Люди расходились уже при свете уличных фонарей, с теплотой в душе и в хорошем настроении.

**Нурлан ЖУМАГАЛИЕВ**

